

*А. С. Қыздарбекова, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты;*

*Ж. Т. Мырзалиева, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушы (Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

## МЕНШІКТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАС ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтық құқық объектілерінің жекелеген түрлері жөнінде көптеген жұмыстар санының жеткілікті болуына қарамастан, меншік құқығы объектісінің мәселесі Қазақстан және барлық кеңестік кезеңдегі барлық мемлекеттер үшін ең өзектілердің бірі, ең аз өңделген және қарама-қайшысы болып табылады. Ғылыми-зерттеушілер арасында, бәрінен бұрын, құқық объектісі ұғымының өзі келіспеушілікті тудырады.

Құқық теориясында қолданылатын «объект» термині, философия ғылымымен қалыптасқан. Бұндай тұжырым үшін негіз ретінде философиялық сөздікте келтірілген, осы санаттың анықтамасы қолданылады. Философияда объекті дегенімізде «субъектінің танымдық және өзге де қызметі бағытталған неге бағытталса, сол» ұғынылады<sup>1</sup>.

Заң әдебиеттерінде құқық объектісінің бірлігі туралы әртүрлі көзқарастар бар. Объектілердің бірлігін қолдайтын авторлар, дегенмен оның анықтамасына әртүрлі мазмұнды енгізеді. Ендеше, Ю. К. Толстой, «құқық нормасының объектісі мен құқықтық қатынас объектісін ажыратудың қажеттілігі жоқ», өйткені «құқық нормасы мен құқықтық қатынас сол бір объектіні иеленеді, олардың шынайы нысанында қоғамдық қатынас қандай болып табылады» деп есептейді<sup>2</sup>. С. С. Алексеев объективті мағынадағы құқық объектісін және субъективті құқық объектісін — өзара байланысқан, екі әртүрлі заңдық санатты бөлуге көңілдерін аударды<sup>3</sup>.

Біздің көзқарасымыз бойынша, соңғысы аса дәйекті көзқарас, себебі объективті мағынадағы құқық және субъективті құқық шынында да екі әртүрлі, өзара байланысқан заңдық санаттар болып табылады, өйткені құқықты әртүрлі аспектілер позициясынан сипаттайды. Норма жүйесі сияқты құқық объектісі болып, ол ықпал ететін сол қоғамдық қатынастар табылады. Ал субъективті құқық объектісі ретінде басқа бір нәрсе түседі. Атап айтқанда, М. К. Сүлейменов жазды, «... құқық объектісі болып олармен реттелетін қоғамдық қатынастар түседі деген пікір көпшілік таныған болып табылады. Бірақ қоғамдық қатынастар сол құқықтық реттеудің пәні ... Бұндай мәселенің қойылуы барысында, «құқық объектісі» ұғымы іс жүзінде «құқықтық реттеу пәні» ұғымымен сәйкес келген жағдайда, ұғымдардың бірі артық болады. Әрине, бұл ұғым — «құқық объектісі» ... Сондықтан, «азаматтық құқық

объектілері» ұғымын қолдана отырып, біз субъективті құқықты айтқымыз келіп отыр». Субъективті құқық тек қана құқықтық қатынас шегінде болатын ескере отырып, «азаматтық құқық объектілері» мен «азаматтық құқықтық қатынастар» ұғымы — бұл синонимдер екендігі негізделеді<sup>4</sup>.

Кеңестік заң әдебиеттерінде қандай материалдық дүние құбылысы субъективті құқық объектісі бола алатындығы жөнінде мәселе бойынша пікірлердің бірлігі болмаған. Кейбір авторлар, субъектілердің мінез құлқы ғана объекті бола алады деп есептеген. Сонымен, Я. М. Магазинер жазды, «құқық объектісі болып заттар деп аталатын материалдық объектілер емес, ал тек қана заттарға қатысты іс-әрекеттер табылады ...». Ұқсас көзқарасты Д. М. Генкин де айтып кетті. «Ол жазды, — азаматтық құқықтық қатынас объектісі болып ... міндетті тұлға (іс-әрекеттерді жасаудан өзін-өзі ұстау) жасайтын немесе өкілетті тұлға жасайтын ... іс-әрекеттер табылады, деп есептеу керек. Жалпы алғанда зат меншік құқығындағы құқықтық қатынастың объектісі болып саналмайды ... Құқықтық қатынас барлық уақытта адамдардың (іс-әрекеттерді жасаудан өзін-өзі ұстау) іс-әрекетіне бағытталған және объектісі болып заттар емес, ал адамдардың іс-әрекеті табылады»<sup>5</sup>.

Басқа авторлар құқық объектісі ретінде мінез-құлыққа бағытталған құбылыстар мен сыртқы заттарды атаған. Сонымен, социалистік азаматтық құқықтың маңызды объектісі ретінде заттарды және жеке құндылықтарды (өнер туындысы, өмір, ар-намыс, денелік қолсұқпаушылық және т. б.) атады. 1985 жылы О. А. Красавчиков редакциясымен «Кеңестік азаматтық құқық» оқулығында нақты азаматтық құқықтық қатынас объектісі дегенімізде «нақты материалдық немесе материалдық емес құндылық» ұғынылды. Құқықтық қатынас объектісі ретінде материалдық немесе өзге құндылықтарды есептейтін авторлардың позициясы дұрыс болып көрінеді. Меншіктік құқықтық қатынаста объектісі болып барлық уақытта зат (мүлік) табылады<sup>6</sup>.

Азаматтық құқықтық қатынас объектісі ретінде не нақты түсетіндігі туралы мәселеге әртүрлі көзқарастардың болуы нәтижесінде заң әдебиеттерінде екі теория өңделді: плюралистік (объектілердің көптігі теориясы) және монистік (бірыңғай объект теориясы). Объектінің көптігі теориясына сәйкес объекті ретінде ең әртүрлі материалды және материалды емес құндылықтар түседі, әрі олардың ең әртүрлі жиынтығы келтіріледі. Бірыңғай объект теориясында болса құқық объектісі ретінде тек қандай да бір ғана сыртқы құбылыс түсе алады: зат, мінез-құлық немесе адамзаттық іс-әрекеттер, құқықтық режим [4].

Қазіргі кезде құқық объектісінің азды-көпті біркелкі түсінігі өңделген, сөз жоқ, бұның тәжірибелік құндылығы бар. Бұл ТМД өзге елдерінде және Қазақстан Республикасы АҚ 115-б. 1-т. осындай мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен құндылықтар ретінде бекітіп, объектілердің көптігі теориясын заңдастырғандығымен байланысты. Сонымен, Б. В. Покровскийдің көзқарасымен келісу керек, ол мынаны көрсетіп кетті, «... субъективті құқық объектісі дегенімізде құқық субъектісі ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін нәрсенің бәрін түсінеміз. Бұнда құқық субъектісінің объектіге әсері ерекше. Ол табиғи және өзге де заңдық емес объектінің қасиеттерін өзгертпейді, ал оның заңдық қасиеті мен жағдайына ғана әсер етеді, әрі заңмен қарастырылған шекте ғана»<sup>7</sup>.

АҚ азаматтық құқық объектілері туралы мәселені заңды түрде бекітуіне қарамастан, тікелей меншік құқығының объектілері жөнінде онда атап өтпейді. Бұл жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдылығы бойынша ортақ үлесті меншік объектісінің белгілі бір типологиясын өткізу орынды.

Дәстүрлі азаматтық құқықта, азаматтық құқық объектісі дегенімізде мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен құндылықтарды түсінеді. Заң әдебиеттерінде азаматтық құқық объектілерінің ең әртүрлі жіктелуі қолданылады. Қалыптасқан заң әдебиеттеріндегі, азаматтық құқық объектілерінің жіктелуінің әртүрлі тәсілдеріне қарамастан, оның негізгі қағидаларына келесі жіктеу негіз болады: 1) заттар (ақшалар мен бағалы қағаздарды қосқанда); 2) қызметтер (іс-әрекет, жұмыс); 3) шығармашылық қызмет нәтижелері; 4) жеке мүліктік емес құндылықтар.

Ортақ үлесті меншік құқығының объектісі ретінде АҚ 209-б. 1-т. мүлікті көрсетеді. Мүлік анықтамасы АҚ 115-б. 2-т. мазмұндалған. Мүлікке: заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, жұмыс, қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауар белгілер және бұйымдарды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады. Бұл тізім едәуір ауқымды, және ол белгілі бір түрде ұйымдастырылған<sup>8</sup>.

Қазіргі кездегі цивилистикалық әдебиеттерде «мүлік» терминінің бірнеше мағынасы қолданылады. Е. А. Суханов мүлікті «азаматтық құқық субъектісіне тиесілі заттар, мүліктік құқықтар мен міндеттер» ретінде анықтайды<sup>9</sup>. А. П. Сергеев мүлік ретінде мыналарды атайды:

1) жекелеген заттар немесе олардың жиынтығы; 2) заттар, ақша мен бағалы қағаздар; 3) жоғарыда көрсетілген объектілер ғана емес, сонымен мүліктік құқықтар; 4) қолда бар заттар, ақша, бағалы қағаздар, мүліктік құқықтар, сонымен қатар субъектілердің міндеттерінің жиынтығы<sup>10</sup>. Б. В. Покровский, мүлік дегенімізде жекелеген мүліктік құндылықтар мен мүліктік құқықтар, сонымен олардың жиынтығын ұғынады. Мүлік ұғымымен заттар ғана емес, дегенмен мүліктік қатынастар, зат пәні болып табылатын міндеттемелік талап ету құқығын қамтиды<sup>11</sup>.

Сонымен, «мүлік» термині құқық ғылымында және заңнамада әртүрлі мағынада болады. Әрдайым осы термин кездескен кезде, заңнама мәтінінде, осы нақты заңда ол қандай мағынада қолданылғанын талқылау жолымен бекітуді ұсынылады. Бірақта, «бұндай мәселенің қойылуы», — Г. А. Алиханова жазады, — «құқық қолдану органына норманың мәнін субъективті анықтауына мүмкіндік беру, әйтсе де оның заңшығарушы «мүлік» терминін қолдануда қандай ұғымды айтқысы келгендігі жөнінде ешқандай күмәні болмауы керек». Г. А. Алиханова жазды, кейбір зерттеушілер заттар мен мүліктер арасында теңдік белгісін қою айыбынына негіз болып, меншік құқығының объектісін анықтауда заң шығарушымен жіберген олқылығы табылады. «Ендеше, — ол жазады, — АК 188-б. 1-т. негізге алсақ, онда заң шығарушы меншік құқығының объектісін анықтауда «зат» ұғымының орнына «мүлік» ұғымын қолданады. Негізгі мәселе, не әрекет етуші заңнама, не құқық теориясы мүлік ұғымының анықтамасын мазмұндамағандығы болып отыр, — деген Г. А. Алиханованың пікірімен келісу керек. Әрекет етуші заңнамада тек мүліктің түрлері ғана бекітілген, ал азаматтық құқық теориясы заңнамада атап өткен мүлік түрлерін тек констатациялайды және түсінік береді, бірақ мүлік ұғымы еш жерде ашып көрсетілмейді және әрине азаматтық құқықтың барлық жүйесінде ортаңғы санат ретінде мүлік мәселесі бітпейді<sup>12</sup>.

Көптеген авторлардың пікірі бойынша қазіргі кездегі концепцияларға жауап беретін, мүліктің ең орынды анықтамасы Нидерланды АК-де мазмұндалған<sup>13</sup>. Нидерланды АК 3 кітабы 1-б. сәйкес: «Мүлік — бұл барлық заттар және барлық мүліктік құқықтар»<sup>14</sup>. Бұндай мүліктің анықтамасы мүлікті кең мағынада түсінетіндігі туралы куәландырады деп болжам жасауға алып келеді. Бұндай тұжырым жасау, АК мүлікті меншік құқығының объектісі ретінде еске сала отырып, меншік құқығының объектісі ретінде, тек заттай түрдегі мүлік қана емес, сондай-ақ өзге де мүлік түрінде түсе алады деп болжауға мүмкіндік беруінің салдары болып табылады. Бұндай тұжырымға, мысалы, Т. Е. Каудыров жүгінеді. Оның есептеуінше, АК бұл терминді белгісіз шегіне дейін толтыруға мүмкіндік беріп, өзінде кез келген затты, жұмысты, қызметті және барлық мүліктік құқықтарды қамтитын, мүліктің ең ауқымды ұғымын бекіткен. Осының нәтижесінде, оның пікірі бойынша, ерекше құқықтар деп аталатын, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері мен оларға теңестірілген өзге де объектілерге мүліктік құқықтар мен міндеттер шүбәсіз және кедергісіз осындай мүлік ұғымымен қамтылады<sup>15</sup>.

Біздің ойымызша, АК 188-б. 1-т. көрсетілген меншік иесіне тиесілі мүлік дегенімізде, мүлікті тар мағынада түсінуіміз керек — заттар, қолма-қол ақшалар мен құжатталған бағалы қағаздар. Бірақта «мүлік» терминін біресе кең мағынада, біресе тар мағынада талқылау осы мәселені жоққа шығармайды. Заң шығарушы осы ұғымдар арасында нақты шегін жүргізуі тиіс. АК әртүрлі талқылауды жою арқылы, «мүлік» ұғымын не анықтау қажет, не меншік құқығына қолданылатын нақты объектілерді, біздің пікіріміз бойынша, қандай зат болуы керек екенін көрсетуі керек.

1 Философский словарь / Под ред. И. Т. Фролова. — М., 2001. — С. 465.

2 Толстой Ю. К. Содержание и гражданско-правовая защита права собственности в СССР. — 1955. — С. 156.

3 Алексеев С. С. Об объекте права и правоотношения // Вопросы общей теории советского права. — М., 1960. — С. 286.

4 Сулейменов М. К. Объекты гражданских прав по законодательству Республики Казахстан // Объекты гражданских прав: Сб. мат-лов междунаод. науч.-практ. конф. — Алматы, 2004. — С. 10-12-18.

5 Генкин Д. М. Право собственности в СССР. — М., 1961. — С. 211.

6 Красавчиков О. А. Объекты гражданских правоотношений // Советское гражданское право: Учебн. В 2-х т. Т. 1 / Под ред. О. А. Красавчикова. — 3-е изд., испр. и доп. — М., 1985. — С. 46.

7 Покровский Б. В. Избранные труды по гражданскому праву. — Алматы, 2008. — С. 102-271.

8 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. — Алматы, 2010. — 400-б.

9 Суханов Е. А. Объекты гражданских правоотношений // Гражданское право: В 2-х т.: Учебник / Отв. ред. профессор Е. А. Суханов. — 2-е изд., перераб. и доп. — М., 1998. Т. 1 — С. 299.

10 Сергеев А. П. Объекты гражданских прав // Гражданское право. Учебн. / Под ред. Ю. К. Толстого, А. П. Сергеева. — М., 1996. Ч. 1. — С. 189.

11 Покровский Б. В. Избранные труды по гражданскому праву. — Алматы, 2008. — С. 102-271.

- 12 Алиханова Г. А. Понятие «имущество» в частном праве // Объекты гражданских прав / Отв. ред. М. К. Сулейменов: Сб. мат-ов международ, науч.-практ. конф. — Алматы, 2004. — С. 61.
- 13 Сулейменов М. К. Указ. раб. — С. 10-12-18.
- 14 Гражданский кодекс Нидерландов. Новая кодификация (Пер. М. Ферштман) / Отв. ред. Ф.Й. М. Фельдбрюгге. — Лейден, 1996. — С. 179.
- 15 Каудыров Е. Т. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности: Монография. — Алматы, 2001, —С. 48.